

## Әуликөл ауылындағы көшелердің атауын өзгерту туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 5719 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Әуликөл ауылының тиісті аумағының тұрғындарының пікірін ескере отырып, облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде Әуликөл ауылының әкімі **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әуликөл ауылындағы көшелер: Пролетарская- Ерік Асанбаев атына, Ленин - Шақшақ Жәнібек батырдың атына, Октябрьская - Саржетім Қарабалуан батырдың атына, Автомобилистов - Астана атауына, Юбилейная - Бәйтерек атауына, Жемелей - Байқұлақ батырдың атына, Северная - Мұқаш Тойқожаұлының атына өзгертілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Д. Қусайнов*